



№11 (1762)
16 маусым
2020 жыл

ҰНИВЕРСИТЕТІ

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity


instagram.com/KAZNU_FARABI

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Елбасы Н.Ә. Назарбаев тапсырған және Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген 2020 жылы әлемнің ең үздік 200 жоғары оқу орнының қатарына кем дегенде 2 қазақстандық ЖОО-ның кіруі міндетін абыроймен орындап шықты.

ҚАЗҰУ ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ҮЗДІК 200 УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚАТАРЫНА ЕНДІ



AL FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



Қазақстандық университет QS жаһандық рейтингісінде 165-орынға көтеріліп, феноменалды серпіліс жасады. ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екендігін дәлелдеді.

Жаһандық ең танымал және беделді Quacquarelli Symonds (QS) рейтингтік агенттігі әлемнің жоғары оқу орындары бойынша зерттеудің биылғы жылғы нәтижелерін жариялады. QS аналитикалық есебінде атап өтілгендей, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 42 орынға ілгерілеп, жаһандық рейтингте 165-орынды иеленді және «әлемнің ең үздік 200 университетінің қатарына енген алғашқы қазақстандық жоғары оқу орны болды». Посткеңестік елдерден тек екі университет қана осы топқа еніп отыр – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Әлемдік жоғары білім беру тарихында бұрын-соңды болмаған қарқынды дамуды көрсете отырып, 9 жыл ішінде университет шамамен 500 орынға алға жылжыды. Әлемдік рейтингте қысқа уақыт ішіндегі бұндай бірегей ілгерілеу «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ феномені» деп аталып шетелдік сарапшылар назарын өзіне аударды. Қазақстандық жоғары оқу орны қарқынды дамуының

жарқын үлгісі халықаралық академиялық ортада белсенді түрде талқылануда. Көптеген шетелдік жоғары оқу орындары ҚазҰУ-дың оң тәжірибесін қолданысқа енгізуде.

Әлемдік рейтингте жеткен биік жетістікте университет ректоры, академик Ғалым Мұтановтың басшылығымен ҚазҰУ-дың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша университет ұжымы атқарған қыруар жұмыстар тұр. Кластерлік тұрғыдан кешенді құрылымдық модернизациялау жүзеге асырылып, нәтижеге бағытталған басқару жүйесі енгізілді. Алдыңғы қатарлы шетелдік университеттермен бірлесе қос диплом бағдарламасы және ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда, соның нәтижесінде Қазақстан бойынша ең көп шетелдік студенттер ҚазҰУ-да білім алуда. Тек соңғы жылдың өзінде олардың саны 15 есеге өсті.

«Майкрософт» компаниясы ҚазҰУ цифрлық моделін ең озық тәжірибелердің бірі ретінде таныды. Университетте «ғылыми идеядан бастап оны коммерциализациялауға дейінгі» технологиялық дәліз құрылған. Оны тиімді пайдалану арқасында университетте 5 жыл ішінде ғылыми жобалар көлемі 2,5 есеге артты.

Жалғасы 2-бетте

Кезекті ректорат жиыны әлемдік QS рейтингісінде жоғары көрсеткішке ие ҚазҰУ-дың білім мен ғылым саласында жеткен жетістігі мен оны одан әрі қарқынды жетілдіру жолын қарастырудан басталды.

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Онлайн мәжіліс барысында сөз алған бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев «Университетіміз әлемдік жоғары білім беру тарихында бұрын-соңды болмаған қарқынды дамуды көрсете отырып, 9 жыл ішінде университет шамамен 500 орынға алға жылжыды. Білім ордамыздың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруда университет ұжымының еңбегі орасан зор. Сондықтан да барша университет ұжымын жеңістерімен құттықтап, алда әлі де биік белестерді бірге бағындыратынымызға сенемін»,– деді бірінші проректор.

Жалғасы 2-бетте

МАҢЫЗДЫ ҮНДЕУ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ҰЖЫМЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БИЗНЕС ҚОҒАМДАСТЫҒЫНА ҮНДЕУІ


Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында сөйлеген сөзі барлық қазақстандықтар үшін маңызды оқиға болды. Ел Президенті өз сөзінде экономиканың маңызды салаларын айқындайтын ғылым мен білімді реформалаудың маңызды бағыттарын атап өтті.

Президент ел тарихында алғаш рет барлық мемлекеттік саясат жаңа экономиканың негізгі салалары болып табылатын ғылым мен білімді дамытуға бағытталуы тиіс екенін нақты мәлімдеді. Сонымен қатар, Президент қазіргі әлемдегі кез-келген мемлекет үшін басты критерий адами капитал болып саналатынын ерекше атап өтті, оны қалыптастыруда білім беру жүйесіне үлкен рөл тиесілі, яғни балабақшалардан бастап университеттерге дейін білім берудің барлық деңгейлері креативті зияткерлік ұлттың қалыптасуына жауапты. Елдің бәсекеге қабілеттілігі, атап айтқанда, Елбасының Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру жөніндегі тапсырмасының орындалуы ғылым және білім беру жүйесінің даму деңгейіне байланысты. Бұл ретте, дамыған елдердің үлгісі бойынша қазақстандық жоғары оқу орындары елдің ұлттық инновациялық жүйесінің және ғылыми ауқымды экономиканы дамытудың зияткерлік драйверлері болуға тиіс.

Осыған байланысты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы ғылыми-білім беру саласын жаңғырту елдің прогрессивті дамуының кепілі болып табылатындығын терең түсінеді.

Жалғасы 2-бетте

ДЕНЬ ХИМИКА



АРАБ ТІЛІ
ОНЛАЙН



СТУДЕНТТЕРМЕН
ОНЛАЙН
КЕЗДЕСУ



ҚАЗҰУ ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ҮЗДІК 200 УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚАТАРЫНА ЕНДІ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Халықаралық рейтингі жоғарғы журналдардағы қазақстандық авторлардың әрбір бесінші жарияланым – ҚазҰУ ғалымдарының үлесі. Соңғы 5 жылда университет инфрақұрылымның жалпы аумағы 50% пайызға дейін өсті.

БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық хабы ретінде ҚазҰУ жаңа буын университетінің «Университет 4.0» моделін жасап енгізді. Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде таныстырылған «Университет 4.0» моделі халықаралық деңгейде кеңінен таратуға ұсынылды. ҚазҰУ әлемнің 12 елінде әл-Фараби орталықтарын ашты.

Қазақ ұлттық университетінің әлемдік білім беру кеңістігіндегі көшбасшылық деңгейі басқа да халықаралық рейтингтік агенттіктерде көрініс табуда. ҚазҰУ әлемдегі үздік 200 экологиялық және ең озық технологиялық университеттердің үздік 50 тобына кіреді. Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палатасы рейтингінде ҚазҰУ «АА+» бағасын иеленіп, жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының қатарына енді. Барлық осы жетістіктер арқасында ҚазҰУ түркі және ислам әлеміндегі ең үздік университет ретінде танылды.

QS рейтингінде Массачусетс технологиялық университеті көш

# RANK	UNIVERSITY	LOCATION	COMPARE	STARS
2021	AI-	By location		Rated only
164	EXETER The University of Exeter	United Kingdom		5★ RATING
165	Al-Farabi Kazakh National University	Kazakhstan	✓	
166	UNIVERSITY OF ROCHESTER University of Rochester	United States		
166	UNIVERSITY OF WATERLOO University of Waterloo	Canada		
168	National Tsing Hua University	Taiwan		
169	ATM Texas A&M University	United States		

бастайды, екінші және үшінші орында сәйкесінше – Стэндфорд және Гарвард университеттері (барлығы АҚШ-тың жоғары оқу орындары). Ең үздік әлемдік жоғары оқу орындарының ондығын

толығымен американдық және британдық жоғары оқу орындары құрайды.

Өз тілшімізден

РЕКТОРАТ

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Жалғасы. Басы 1-бетте

Сондай-ақ жиын барысында қашықтықтан оқыту жүйесіне тоқталған басшылық алдағы уақытта бұл жүйенің әлі де пысықталатынына назар аударды. Естеріңізде салсақ, ҚазҰУ ағымдағы жылдың наурыз айында озық сандық білім беру технологияларын қолдана отырып толығымен қашықтан білім беру жүйесіне көшкен болатын. ҚазҰУ-дың зерттеу университетіне айналуының маңызды құрамдас бөлігі барлық бизнес-үдерістерді сандық форматқа көшіру болды. Соңғы жылдары университетте «ақылды» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым және smart-кампус құрылды, бұлтты және мобильді технологиялар енгізілді, ал IT-қызметтерді дамыту ЖОО-ны сапалы жаңа сандық деңгейге шығарды. Бұл өз кезегінде оқу үдерісін қашықтықтан оқыту түріне жедел ауыстыруға мүмкіндік берді. Алдағы уақытта университет қашықтықтан оқытудың басқа да қыр-сырын қарастырып, әлемдік тәжірибені де ескеретін болады дейді, жиынға қатысушылар.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

МАҢЫЗДЫ ҮНДЕУ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Қазақстанның бәсекеге қабілетті елдер қатарына кіруінің маңызды факторлары – әлемдік деңгейдегі ғылыми кадрларды даярлау сапасын арттыру, жоғары сапалы ғылыми зерттеулер жүргізу және білімге негізделген ғылыми ауқымды экономиканы қалыптастыру.

Президент атап өткендей, ірі отандық кәсіпорындардың, компаниялардың жоғары оқу орындарымен және зерттеу институттарымен өзара тығыз байланыс орнатуы өте маңызды, бұл инновациялық экономиканы құрудың неғұрлым тиімді үлгісі – «үштік спираль» моделі болып табылады.

Әрбір мұғалім, оқытушы және ғалым мемлекет олардың еңбегін елдің дамуының негізін қалаушы деп танитынын, жас ұрпақты оқытумен қатар, сапалы зерттеулерді жүргізу, олардың нәтижелерін өндіріске, экономиканың нақты секторына және елдің дамуына енгізуге өзінің игілікті міндетін орындауы үшін барлық қажетті жағдайды жасайтынын түсініп білуі тиіс. Бұл біздің әрқайсымызға үлкен жауапкершілік жүктеуімен қатар, бізді үлкен жетістіктерге жұмылдырады, өйткені бүгінгі күн біздің күш-жігерімізге байланысты, ал елдің болашағы біздің балалар мен немерелерімізге тәуелді.

Тәуелсіздіктің отыз жылы ішінде біздің халқымыз түрлі сын-сынақтардан өтіп, әрқашан кез келген

міндеттерді бірге шеше алатынын дәлелдеді. Президенттің ғылым мен білімді елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қозғаушы күшіне айналдыру мақсатындағы қазақстандықтардың алдына қойған жаңа міндеттері назарымыздан тыс қалмайтынына сенімдіміз. Біз білім мен ғылым жүйесін экономикамен барынша ықпалдастыру, базалық экономикалық сала ретінде ғылым мен білім беруді қалыптастыру мақсатында экономикалық дамудың драйверлерін қайта құруымыз керек, бұл бүкіл елді жаңғыртуға алып келеді!

Ұлы ойшылдар әл-Фараби мен Абайдың мерейтойлық жылы «Қайырымды қоғам» және «Кемел Адам» туралы сөздері елдің жаңа дамуындағы маңызды бұрылыстың бейнесіне айналатыны терең нышандық мәнге ие.

Біз, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұжымының мүшелері Мемлекет басшысының қойған міндеттерін толық қолдай отырып, ғылыми-білім беру және бизнес қоғамдастықтың ортақ мақсатына жету үшін туған жеріміз – Қазақстанды жоғары зияткерлік, жоғары дамыған және бәсекеге қабілетті елге айналдыруға күш-жігерді біріктіруге шақырамыз!

Біз табысқа бірге жетеміз! Біз біргеміз!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

KAZNU.KZ

Ал-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстаны факультеті Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы Мәдени Өкілдігі және Табатабай университетімен бірлесіп, парсы тілі мен әдебиетін үреніп-зерттеу мақсатында халықаралық онлайн-кырсын ұымдастырды.

Онлайн-кырс әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің шағыртылған шетелдік професоры, Табатабай университетінің оқытушысы доктор Ойранг Изадидің жетекшілігімен жүргізілуде. Қазақстан және Орталық Азия елдерінің оқытушылары мен студенттері үшін келесі тақырыптар бойынша дәрістер оқытылады: парсы тілінің шығу тарихы, иран тилдер тобының шығу тегі, қонақ парсы тілінің сына жазығы, орта парсы тілі (pehlevi), қазіргі парсы тілінің грамматикасы және т.б.

Кырсқа қатысушылар парсы әдебиетінің әгілі ескерткіші, Иран халықтарының ұлттық эпосы Shahname ерекше қызықтырады. Оларға «Patshalar kitabynyn» пайда болы тарихы тыралу және «Bijan мен Manije», «Rústem мен Sohrab», «Rústem мен Isfandiar» және басқа да аңыздармен танымал тамаша мүмкіндік берілді.

Шығыстаны факультеті заманауи IT технологияларды қолдана отырып, әр түрлі елдердегі серіктер университеттермен онлайн кырсарын жалғастыруды жоспарлайды.

Кәсіби стандарттар негізінде білім бері бағдарламаларын жаңарту мәселелері ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ROÁK оқы-әдістемелік бірлестігінің онлайн-отырысында талқыланды. Оған QR Білім және ғылым министрлігі, Болон процесі және академиялық ұтырлық орталығы, QR JOO және «Атакем» UKP өкілдері қатысты. Кездесуге ҚазҰУ-дың оқы ісі жөніндегі проректоры А.Хикметов модераторлық етті.

Отырысқа қатысушылар еліміздің жетекші JOO-да білім бері бағдарламаларының қалай әзірленетінін, кәсіптік стандарттар негізінде контентті жаңарту барысында қандай қиындықтар туындайтын естіге және көріге бірегей мүмкіндік алды.

Отырысты ашқан жоғары және жоғары оқы орнын кеңігі білім департаменті директорының орынбасары B.M.Narbekova жаңа форматтағы ОАБ қызметінің басты трендтерін айқындады. Жаңартылған білім бері бағдарламаларын ұлттық тизімге енгізу алгоритмі тыралу Болон процесі және академиялық ұтырлық орталығы директорының орынбасары G.S.Jarsova баианды.

Онлайн-отырыста ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жұмыс тәжірбесі ұсынлды. JOO тұлкерінің дайындық бағыттарының, білім бері бағдарламаларын әзірлеудегі негізгі бағдарлар мен тәсілдер бойынша қызметінің моделі тыралу әдістемелік жұмыс қызметінің жетекшісі G.T.Jakypova атып берді. Механика кафедрасының меңгерушісі Z.B. Rakisheva және Ұлттық ғарыштық зерттеулер орталығының Ионосфера институтының орбиталық және жерүсті ғарыш жүйелерінің сенімділігі мен қауіпсіздігі зертханасының меңгерушісі V.F.Grishenko «Mehanika» және «Garyshtyq tehnika мен tehnologialar» білім бері бағдарламаларын бірлесіп жасау тәжірбесімен таныстырды.

Ал-Фараби атындағы ҚазҰУ әскери кафедрасы QR Қарылы Күштерінің құрметті ардагері, general-maor Vladimir Petrovich Bondarenkoven онлайн-конференция өткізді. Іс-шараға кафедра студенттері, оқы өзвод командирлері және оқытушылар қатысты.

General Bondarenko V.P. тәйелсіз Қазақстанның Қарылы Күштерінің құрылуына тікелей қатысқан. Узақ уақыт бойы ол Қазақстан Республикасының Аге қорғаншы күштеріне бас қолбасшысының орынбасары және кеңесшісі, сондай-ақ тарбие жұмысы бойынша бірқатар ерен офицерлер тобының тәлімгері болды.

Beimekonferensia барысында еңбек сіңірген ардагер қазақстандық армияның қалыптасуы, командирлердің тарбие жұмысының ерекшеліктері және оқы-жаттығу дайындығының сәтті ұымдастыру тыралу әңгімеіледі. Онлайн-сұхбат кезінде студенттер қонаққа сұрақтар қойды. Олар Аге қорғаншы күштеріндегі әскери қызметтің ерекшеліктері, офицерлердің бойында болуы керек қасиеттермен қатар жетістікке жетулеріне мүмкіндік беретін өмірлік нұсқауларға қызығушылық танытты. Vladimir Petrovich кырсантарға өзіннің жауыргерлік еңбегі, әскердегі тарбие жұмысының маңыздылығы және келе жатқан Отан қорғаушылар күні мен Улы Отан соғысындағы Jenis күнінің тархи маңызы тыралу атып берді.

Beimekonferensia сәтті, эмоционалды және mazmundy өтіп, әскери кафедраның студенттері үшін batyldyqтын нағыз сабағына амалды.

Факультет химии и химической технологии КазНУ им. аль-Фараби в 59-й раз отпраздновал свой профессиональный праздник - День химика.

ДЕНЬ ХИМИКА



Традиционно в этот день собираются выпускники факультета, как правило «юбилейных годов выпуска». Этот праздник всегда наполнен теплотой, ведь выпускники вспоминают свои безмятежные студенческие годы, друзей, любимых преподавателей. Неслучайно эта традиция приглянулась и другим факультетам нашего университета, и, начиная с 2011 года по инициативе ректора Галымкаира Мутановича Мутанова, в последнюю субботу мая весь университет празднует День выпускника.

В этом году пандемия коронавируса внесла свои коррективы, многие выпускники не смогли приехать на встречу в альма-матер. Однако праздник все же состоялся в нетрадиционной онлайн-форме. Основная встреча была организована на базе платформы Zoom, где встретились порядка 100 корифеев факультета, выдающихся химиков и выпускников-юбиляров. Остальные зрители имели возможность посмотреть онлайн-трансляцию на странице факультета в Facebook. Во время трансляции было зафиксировано более 1000 зрителей, а в течение 2-х дней пост с видео увидели более 5500 человек. Кроме того, 4-х часовая видеозапись мероприятия была выложена в YouTube на странице организатора праздника – кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов. Поздравительные и памятные видеозаписи были опубликованы в социальных сетях каждой кафедры.

В праздновании приняли участие химики из разных городов и стран, организаторы получили более 20 видеопоздравлений, как от выпускников-юбиляров, так и от успешных химиков – представителей государственных структур, научной общественности, бизнес-сообщества, вузов-партнеров из Казахстана, ближнего и дальнего зарубежья. Среди них экс-министр К. Шамшидинова, меценаты университета З. Катранова, А. Жарменов и др.

Используя фотографии своих учителей и профессоров, участники праздника сделали замечательные видео, собрав их из множества фотографий студенческой и современной жизни. Виртуальные поздравления и видеоролики поступили со всех уголков мира. По уже сложившейся традиции праздник всех поколений был открыт приветствием ректора КазНУ имени аль-Фараби академика Галымкаира Мутанова, который рассказал о текущих достижениях университета и поздравил всех выпускников.

генерала-полковника юстиции, выпускника юридического факультета 1981 года Кайрата Маами. В своем обращении он отметил новые успешные проекты Ассоциации с участием меценатов, поздравил всех выпускников с праздником и пожелал им успехов в профессиональной деятельности.

Эстафету официальных поздравлений принял декан факультета химии и химической технологии Хайдар Сулейманович Тасибек. Участники мероприятия и онлайн-зрители услышали об успешных событиях факультета за последнее время. Самые молодые зрители узнали, что ежегодно Дню химика присваивается номер и соответствующий элемент Периодической системы Д.И. Менделеева. Так, например, в этом году праздник проходил под эмблемой 59 элемента – празеодима.

Первой их выпускников выступила известный ученый, педагог, заведующий кафедрой аналитической химии (1971-1993гг), доктор химических наук, профессор Александра Ивановна Зебрева. И хотя сейчас она проживает в Караганде, благодарные ученики и

коллеги нашли возможность передать ей огромный букет роз. Поздравив всех с праздником, Александра Ивановна поделилась воспоминаниями о студенческой жизни.

Всего на празднике было представлено 14 юбилейных выпусков, каждый курс блеснул своими талантами – стихотворными и песенными. Некоторые видеопоздравления представляли собой настоящие шедевры. Все они доступны для просмотра на странице факультета в Facebook

Во время празднования были продемонстрированы фильм, посвященный 85-летию факультета химии и химической технологии, а также видеоролик о достижениях и успехах университета. В рамках мероприятия также была проведена встреча ассоциации выпускников факультета, на которой присутствовали 23 человека. Они обсудили достижения университета, факультета, а также перспективы сотрудничества Ассоциации выпускников КазНУ «Наставничество: возможности для каждого». Встречу завершила песня «Армандастар», ставшая гимном выпускников нашего университета.

Организаторы конференции получили множество положительных откликов от благодарных зрителей, а также видео-поздравления и слова благодарности. Пересматривая видеосюжет в «YouTube», выпускники до сих пор благодарят организаторов 59-ого дня химика. Оказалось, что онлайн-формат мероприятия имеет существенное достоинство – дает возможность привлечь гораздо большей зрительской аудитории День химика – 2020, несмотря ни на что, удался на славу!

Факультет химии и химической технологии

Осы жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультеті Түлектер күнін кең ауқымда, қызықты әрі мазмұнды етіп атап өтті. Коронавирус пандемиясы мен карантинге байланысты мереке онлайн-форматта өтті. Жаңа технологиялар мен зор құлшыныс әр жылдардағы түлектерге араға жылдар салып кездесіп, студенттік шақтың ең тамаша сәттерін еске алып, жеткен жетістіктерімен бөлісіп, сүйікті альма-матерді мерекемен құттықтауға мүмкіндік берді.

ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ ТҮЛЕКТЕР КЕЗДЕСУІ

Тәлімгерлік институтын дамыту бойынша ұсыныс оқытушылар мен түлектер арасында қызу пікір алмасу тудырды. Факультетте осындай іс-тәжірибе бұрыннан бері жүргізіліп жатыр, түлектер өз білімдерімен, кәсіби және өмірлік тәжірибесімен жас ұрпақпен бөлісуде. Олар үлкен ықыласпен шеберлік сабақтарын өткізіп, лекциялар оқиды, өздерінің табысқа жету жолдары туралы әңгімелейді, сондай-ақ, өз компаниялары мен ұйымдарының базасында тәжірибе жүргізуді ұсынуда. Аға және жас буын арасындағы тәлімгерлік сынды ынтымақтастықтың түрі алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады, ал жоба бұл қызметке жаңа серпін береді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов бейнежазба арқылы құттықтау жолдады. Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидың: «Адамдар тек бірлесе, бір-біріне көмектесу арқылы ғана бақытқа жете алады», – деген сөздерін тілге тиек етіп, барлық қатысушыларды түлектер күнімен құттықтап, бірлік пен ынтымақтастыққа шақырды.

Онлайн кездесу барысында ЖОО-ның жетістіктері туралы бейнесюжет көрсетілді, түлектер мен оқытушылар студенттік өмір туралы естеліктерге

үңіліп, соңғы уақыттағы оқиғалар жөнінде өз пікірлерімен бөлісіп, ҚазҰУ туралы соңғы жаңалықтармен танысты. Сонымен бірге, халықаралық қатынастар факультеті түлектерінің құттықтау бейнежазбалары ұсынылды, олардың қатарында БҰҰ жанындағы ҚР Тұрақты өкілінің бірінші орынбасары С. Исетов, ҚР Президенті Аппаратының мемлекеттік инспекторы М.Қайырбек, ҚР СІМ Еуропа департаментінің директоры Н.Жұмақанов және т.б. болды.

Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының онлайн іс-шарасында ҚР-дағы БҰҰ жүйесінің тұрақты үйлестірушісі кеңсесінің баспасөз және коммуникация жөніндегі кеңесшісі Э.Байназарова, ҚР СІМ Халықаралық ақпарат комитеті басқармасының басшысы Н.Айтмаханов және басқа да қатысушылар жылы лебіздерін білдірді. Кафедра меңгерушісі Е.Чукубаев түлектердің кездесуі факультет үшін де, жалпы университет үшін де маңызды екенін атап өтті.

Халықаралық құқық кафедрасының іс-шарасының модераторы, меңгеруші Ж.Сайрамбаева құттықтау сөзінде Түлектер күні университет пен оның тәрбиеленушілерінің тығыз және

достық қарым-қатынастарын дамытып, факультет пен кафедраның іскерлік байланыстарын кеңейтіп, ҚазҰУ түлектерінің мыңдаған мүшесінен тұратын қауымдастығын нығайтып келе жатқанын алға тартты. Мәселен, инвестициялық холдинг компаниясының Президенті, кәсіпкер Думан Базарбаев факультет негізінде заң клиникасының ашылуына демеу көрсетіп, өзінің кәсіби тәжірибесімен бөлісуде.

Халықаралық қатынастар факультеті Түлектері кеңесінің мерекелік онлайн кездесуі декан, профессор С.Айдарбаевтың төралағымен аяқталды. Түлектер ұстаздарына ең жылы лебіздері мен алғыстарын білдіріп, сүйікті университеттеріне ары қарай өркендеуді тілеп ізгі ниеттерін жеткізді. Әрбірінің өзіндік өмірлік жолы бар, десе де олар жыл сайын топтастары және ұстаздарымен қайта қауышуға уақыт табуда. Ыстық ықыласты кездесу қатысушыларды ұзақ уақыт бойы жағымды көңіл күйге бөледі, себебі студенттік жылдар әр қайсымыз үшін ұмытылмас, жарқын әрі жылы естеліктерге толы болып қалмақ.

Халықаралық қатынастар факультеті

Химия және химиялық технологиялар факультетінде дәстүрлі «Химиктер күні» мерекесі онлайн форматта өтті

Дұрыс жазылуы - Әл-Фараби ме, әлде әл-Фараби ме?

■ ПІКІР

Мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің органы-«Социалистік Қазақстан» газетінде он шақты жыл әдеби қызметкер ретінде қызмет атқардым. 1963 жылы жаз айларында есте қалатындай бір оқиға болды. Бас редакторымыз жедел мәжіліс (летучка) шақырды. Сөйтсек, газеттің сол күнгі кезекті номері таңертеңгі сағат алтыдағы ұшаққа ілінбей қалыпты. Халыққа уақытылы тарамаса, газет өз құнын жояды. Қатардағы газеттердің бірі емес, билігі жүріп тұрған Орталық партия Комитетінің органы болғандықтан, мұндай жағдайларға ерекше мән берілетін.



Газет номеріне қол қойылып көбейтілуге берілген кезде редакцияның бір қызметкері арнайы барып, тың көз (сол кездің терминологиясы бойынша – свежий глаз) ретінде газетті бастан-аяқ оқып шығатын. Мұндай сақтықтың пайдалы екендігі талай рет дәлелденілді. Сол жолы бас мақалада Францияның көрнекті мемлекет қайраткері кіші әріппен де Голль болып жазылудың орнына үлкен әріппен Де Голль болып жазылып кетіпті. Түпнұсқада дұрыс. Қате жіберген корректорға қатаң сөгіс, екі кезекшіге сөгіс берілді.

Осы оқиғадан кейін «Правда» газетінен баспасөз қызметкерлеріне арналған емле (орфография) ережелері жазылған кітапша алдырылып, бөлімдерге таратылып берілді. Мұнда он екі жағдайда сөйлем басында кіші әріптермен жазылатын ережелер бар екен. Солардың бірқатары есімде қалып қойыпты.

1. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың таңбасы сөйлем басында жеке қолданылғанда бас әріппен жазылмайды. *а – жуан айтылатын дауысты дыбыс десек, а-ны, сөйлем басында келгенімен, бас әріппен жазуға болмайды.*

2. Әр түрлі ғылым салаларында (физика, биология, химия т.б.) әріп белгілі бір мағына беретін таңба ретінде қабылданса, сөйлем басында келгеніне қарамастан кіші әріппен жазылады. Мысалы, *ар* (көлемдік өлшем) *а* деп белгіленсе, сөйлем басында үлкен әріппен жазылмайды.

3. *км, см, мм, га* сияқты қысқарған сөздер сөйлем басында келгенде бірінші әріпін үлкейтіп, екінші әріпін кішірейтуге болмайды. *Км, См, Мм, Га* сияқты формада жазылмайды.

4. Қай елдің тілінен алынса да, артикльдер сөйлем басында да, ортасында да әрдайым кіші әріппен жазылады. Мысалы, де Голль, Жанна д-Арк, әл-Бухари, әл-Самарқанди т.б. «әл-Хорезми» аталатын орыс тіліндегі кітапта лақап есімнің алдындағы артикльдің кіші әріппен жазылғанына өзім куәгермін.

Санамаланған ережелердің ішінде біз үшін ең маңыздысы соңғы ереже. Мұны қазақ тілші-ғалымдары да қабылдаған еді. Алайда бір автор «Қазақ университеті» газетінің 2005 жылғы 28 маусымдағы санында «Алыпты аласартпайық» (атау алдында келетін артикльді кіші әріппен жазғанда алыптар аласарып қалатындай) деп аталатын мақаласында артикльге ешқандай қатысы жоқ ережелерді тізбелеп, әл-Фарабиді бас әріппен жазуды ұсыныпты. Міне, осы кезден бастап бүкіл баспасөзде әл-Фараби бірде үлкен әріппен, бірде кіші әріппен жазылып келеді. «Дүмше молда ел бұзар» деген осы.

Осы мәселеге байланысты аса көрнекті ғалым, орфографияның майталман маманы Рабига Сыздықоваға жолығып, мән-жайды түсіндірдім. Ол кісі: «Артикльдер сөйлемнің басында да, ортасында да кіші әріптермен жазылады.

Біз көптеген мәселелерде орыс ғалымдарына сүйенеміз ғой», – деді. Расында да солай. Сонымен баспасөзде ғана емес, ғылыми еңбектерде де әл-Фараби сөйлемнің басында қолданылса, бас әріппен, ортасында қолданылса, кіші әріппен жазылып, дағдыға айналып барады. Бүйте берсек, сөйлем басында *см-ді См* деп, *км-ді Км* деп жазатын шығармыз. Баспа, баспасөз мәдениетін бұзып, елді шатастырғанда қандай пайда табамыз? *Артикль ешқашан, еш жерде бас әріппен жазылмайды.* Бұл – маман тілшілер терістей алмайтын салауатты қағида, аксиома. Емле (орфография) мәселесінде физик, химик, биолог, математик сияқты мамандар түгіл журналистер мен тарихшылар да тілші-ғалымдарға қарайды, олардың тұжырымдарын басшылыққа алады.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті атауын құбылтып, әр түрлі сипатта қағазға түсіру жалпы алғанда зиялы қауымға сын. Сауаттылығымыз кемелденген қазіргі заманда мұны ұсақ-түйекке жатқызуға болмайды. Алдағы уақытта әл-Фараби бабамыздың лақап есімін дұрыс жазатын болайық.

Берікбай САҒЫНДЫҚҰЛЫ,
ф.ғ.д., профессор,
Халықаралық Түркі Академиясы
«Томсен» және
ҚР Білім және ғылым министрлігі
«Еңбек ардагері»
медальдарының иегері

АРАБ ТІЛІ ОНЛАЙН

ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті Сауд Арабиясының әл-Жуф университетімен бірлесе отырып, шетелдіктерге арналған заманауи технологияларды қолдану арқылы араб тілін үйрену бойынша халықаралық онлайн семинар өткізді.



Әл-Жуф университетінің профессоры, белгілі тіл маманы Махмуд Абдул Хафиз Халафалла семинарға қатысушыларға араб тілінің пайда болуы мен қалыптасу тарихы, оның таралуы, ерекшеліктері мен диалектілері, басқа тілдерге әсері, сондай-ақ әлемдік кеңістіктегі рөлі туралы айтып берді. Сонымен қатар, ол араб тілін жақсы меңгеру және оны жетілдіру үшін тәжірибелік кеңес берді. Спикер оқытуда заманауи технологияларды қолдану қажеттігін атап өтіп, электронды оқулықтар мен құралдарды пайдалану тәжірибесін ұсынды. Ол Educational Computer, E-Learning, Mobile Learning түрлі түрлерін қолдана отырып араб тілін

меңгеруде жақсы нәтиже беретінін атап өтті.

ҚазҰУ-дың Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасымен ұйымдастырылған онлайн-семинарда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен докторанттары, Л. Гумилев атындағы ЕНУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ және елдің басқа да жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты.

Шығыстану факультеті

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының оқытушысы мен студенті халықаралық жарыстарда бірінші орындарды жеңіп алды.

ПСИХОЛОГТАР ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНҒА ИЕ БОЛДЫ

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доценті Зухра Садвакасова кәсіби психологтар арасында «Lightning talk» халықаралық байқауында бірінші орынды иеленді. Байқауда ол 128 әдісті қамтитын «конфликтологиялық сауаттылықтың сандықшасын» ұсынды. Жоба арнайы медиаторлар мен қақтығыстарды шешетін мамандарға арналған. Халықаралық сарапшылар ҚазҰУ оқытушысының жоғары кәсіби деңгейі мен шеберлігін, жобаның психологтар мен мамандар үшін қақтығыстарды шешудегі өзектілігі мен тәжірибелік маңыздылығын, сонымен қатар қолдану кезіндегі әмбебаптығын атап өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Жана Карабина («Психология» мамандығы бойынша екінші жоғары білім) Сербияда өткен «Science Slam» халықаралық байқауында бірінші орынды жеңіп алды. Байқау студенттердің танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға, ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстарға қатысуға бағытталған.



Ж. Карабина философия және саясаттану факультетінің жалпы және қолданбалы психология кафедрасында екінші жоғары білім алуда. Кафедра доценті З.М. Садвакасованың ғылыми жетекшілігімен ол «Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларға психологиялық қолдау көрсету» тақырыбында жоба ұсынып, құзырлы қазылар алқасы оны жоғары бағалады. Айта кетерлік жайт, бұған дейін автор бұл жобаны «Фараби әлемі» студенттер және жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясында ұсынып, бірінші орынды иеленген.

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы

1 июля в КазНУ состоится онлайн-презентация книги «Роль Первого Президента Республики Казахстан в конституционном строительстве независимого Казахстана: уроки Елбасы»

Мақаланың тақырыбына өзек болып отырған ұлы Абайдың «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» деген дана сөзіне көп жылдан бері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Биология және биотехнология факультетіне қарасты Биологтар кафедрасының ұстазы, әріптесіміз, биология ғылымдарының кандидаты, доцент Бірлікбай Есжанұлына лайық деп ойлаймыз.

Ұстаздық қылған жалықпас...

кандидаттары Х.С. Байда, К.Кенжеев жетекшілігімен), кейіннен профессорлар В.Н. Скалон, М.И. Исмагилов және т.б. дәрістерін тыңдау барысында жануарлар әлеміне деген бала кезінен басталған қызығушылығы қайта оянып, есіл-дерті солай қарай ауады. Үздік оқуы, ғылыми жұмыстарда жетістіктері және қоғамдық жұмысқа белсенді қатысқаны үшін 1969-1970 оқу жылында В.И. Ленин атындағы ең жоғарғы шәкіртақы тағайындалды. Осы шәкіртақы институт бітіргенше берілді. Яғни әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін көп жыл басқарған академик Т.Қожамқұлов айтпақшы «студентке мұндай шәкіртақы тағайындау Социалистік Еңбек Ері атағын алумен парапар» үлкен атаққа сөз келтірмей иелену нәсібі сол жылдары Бірлікбай Есжанұлына бұйырады. 1970 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталады.



Жоғарыда дәрістерін тыңдаған ұстаздарының ұсынысы бойынша және сол кездегі факультет деканы, доцент (кейіннен профессор) Исатай .Мырзахметұлы Төленбековтің қолдауымен Институт бітірген жылы факультеттің Ғылыми Кеңесі жұмыс өтілімінсіз-ақ аспирантурада оқуға қалдыруды бірауыздан шешті. Сол жылы Зоология кафедрасының аспиранты атанады (жетекшісі профессор Мұса Исаевич Исмагулов-С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі). Аспирантурада «Ақбөкеннің Бетпақдала популяциясының эколого-морфологиялық ерекшеліктері», «Қазақстанның шөлдеріндегі құмсүйгіш кеміргіштердің экологиясы» тақырыптары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Аспирантураны аяқтаған соң Бірлікбай Есжанұлын Қазақ ССР Жоғары және арнайы білім Министрлігі А.С. Пушкин атындағы Орал мемлекеттік педагогикалық институтына (Орал қаласы) жолдамамен қызметке жіберді. Ондағы педагогикалық жұмыс оқытушыларға белгілі: сабақ, педагогикалық практика, оқу-дала практикасы, ауылшаруашылық жұмыстар, түрлі қоғамдық жұмыстар (институт партбюросының мүшесі), кураторлық (қазіргі эдвайзерлік) жұмыстар және т.т. Жас әрі өршіл талап, қажымас қайраттың арқасында жоғарыда айтылған жұмыстарды да абыроймен атқарады. Осындай жұмыстарды атқара жүріп, ғылыммен де айналысуды ұмытпайды, Орал өңірінің жануарлар дүниесін барынша білуге ұмтылады.

Бірлікбай Есжанұлы зоология ғылымымен студент кезінен бастап, 2-курстан кейін айналысады. Зоология ғылымының дамуына азды-көпті үлес қосты. Өйткені оның кандидаттық диссертациясы Қазақстанның құмды шөлдерінде (Қызылқұм, Мойынқұм, Тауқұм мен Сары есік атырау) мекендейтін медициналық (эпидемиологиялық) әрі шаруашылық маңызы бар кеміргіштердің экологиясы мен биологиясына арналған. Диссертация 1990 жылы КСРО Ғылым Академиясына қарасты Сібір бөлімшесінің Новосибирск қаласындағы Биология Институтының Ғылыми Кеңесінде сәтті қорғалды. Кеңес мүшелері бірауыздан дауыс беріп, ол Жоғары Аттестациялық Комитетінде (Мәскеу қаласы) бекітілді. 1996 жылы доцент ғылыми атағы берілді.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының Зоология институтының Териология зертханасында 30 жылдай, алдымен кіші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер лауазымында қызмет атқарады. Бұл жылдары республикамызда мекендейтін кәсіптік маңызы бар тұяқты (ақбөкен, таутеке) және бағалы терісі үшін ауланатын түрлер (суыр, ондатр, сұр қоян), сирек кездесетін (қарақұйрық, арқар, құлан, жұпар), ауыл мен орман шаруашылықтарының зиянкестері (түрлі кеміргіштер-құмтышқандары,

қосаяқтар, сарышұнақтар және т.т.) сияқты сүтқоректілердің экологиясы мен биологиясы зерттеліп, талап бойынша тиісті орындарға түрлі ұсыныстар берілді. Осы зерттеулердің нәтижесінде 300-ге жуық ғылыми мақалалар республикалық, жақын және алыс шетелдердің басылымдарында жарық көрді. Ғылымда зерттеу жұмыстарын орындау үшін Дж. Сорос қорының стипендиясымен (биоалуантүрлілікті сақтау), Халықаралық ИНТАС қорының (арқар, марал), республикалық «Ғылым» қорының (жұпар) стипендиясы тағайындалды.

Осылармен қатар Бірлікбай Есжанұлы ерекше қорғалатын табиғи территориялардың (Қарқаралық ұлттық табиғи саябағы, Алтынемел ұлттық табиғи саябағы, Жоңғар (Жетісу) Алатауы ұлттық саябағы, Алакөл мемлекеттік қорығы) жануарлар әлемін зерттеуде және ғылыми жұмыстарына жетекшілік етуде де біршама еңбектенді және ол жұмыстар (Жоңғар (Жетісу) Алатауы ұлттық саябағы, Алакөл мемлекеттік қорығы) әлі де жалғасуда. Қазақстан биоалуантүрлілігін сақтау Ассоциациясы өкіметтік емес ұйымның құрметті мүшесі, Ғалымдар мен оқытушылардың Халықаралық Ұйымының мүшесі, профессоры.

Қазірде зоология ғылымынан қол үзген жоқ. Барған жердің бәрінде сол өлкенің жануарлар әлемінің қазіргі жағдайын білуге тырысады. Студенттерге туған өлкесінің жануарлар әлемін танып-білуге әруақытта кеңес беруден жалықпайды. Білім алушыларға зоология мен ихтиология (балықтәрізділер мен балықтарды зерттейтін ғылым) салаларынан орындалатын ғылыми жұмыстарына жетекшілік етеді. «Реті келгенде айта кетейін ихтиология ғылымын біршама меңгеруіме кафедраның жетекші доценттері Ә.А. Бәйімбетов, М.Қ. Жұмалиевтерден көп нәрселерді үйрендім» дейді ол.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 1994-1997 және 2001-2002 оқу жылдары сол кездегі Зоология және ихтиология кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымдарының докторы, профессор, танымал ихтиолог В.П. Митрофановтың және кейіннен осы кафедраны басқарған ұйымдастырушылық қабілеті өте жоғары доцент К.Б.Олжабекованың шақыруымен кафедраға жұмысқа қабылданады (қосымша жұмыс атқарушы ретінде). Ал 2002 жылдан – толық қанды доцент, профессор міндетін атқарушы, қазір доцент. Зоология мен ихтиология ғылымдары бойынша көпшілік пәндерден дәріс оқып, тәжірибе сабақтарын жүргізеді. Осы пәндерден мемлекеттік тілде 30-ға тарта оқулықтар, оқу құралдарын, практикумдар мен

анықтағыштар, сөздіктер дайындады және дайындауға қатысты. Олар: «Жануарлар әлемінің биоалуантүрлілігі» 2,3,4 бөлім; «Омыртқалылар зоологиясы» 1-2 бөлім; «Балықтар алуантүрлілігі және ихтиология негіздері»; «Қазақстан амфибиялары мен рептилиялары»; «Қазақстан құстары мен аңдарының биологиясы»; «Жануарлар алуан түрлілігі»; «Орнитология»; «Териология»; «Зоология. 2-бөлім. «Омыртқалылар зоологиясы»; «Қазақша-орысша терминологиялық сөздік. Биология»; «Қазақша-орысша терминологиялық сөздік. Экология»; «Балықтар қорын қалыптастыру теориясы»; «Омыртқалылар зоологиясы. Практикум»; «Жалпы ихтиология. Практикум»; «Жалпы гидробиология»; «Аң шаруашылығы-Звероводство-Fur Farming»; «Зоология пәнінен оқу-дала практикасын жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулық»; «Методическое руководство по проведению учебно-полевой практики по дисциплине Зоология»; «Қазақстан териофаунасының анықтағышы» және т.т. Бұл туындылардың бәрі «Қазақ университеті» баспа үйінен сапалы тауар ретінде басылып шықты. «Омыртқалылар зоологиясы» оқулығы Халықаралық кітап көрмесінде 1-дәрежелі дипломмен марапатталды. Көз майын тауысып, бос уақытын текке жібермей осы оқулықтар мен оқу құралдарын жазудағы еңбектері ескерусіз қалған жоқ. Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындарына қауымдастығы жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар жазуда сіңірген үлкен еңбегі үшін оған «Саңлақ автор» деген атақ беріліп, А. Байтұрсынов атындағы қола медальмен (2010 ж.), ал 2012 жылы жоғары білім жүйесінің дамуына қосқан зор үлесі және жоғары оқу орындарына оқулықтар жазудағы көпжылдық нәтижелі еңбегі үшін А. Байтұрсынов атындағы күміс медальмен марапатталады. Университет әкімшілігі де осы еңбектерін ескеріп университеттің дамуына қосқан үлесі үшін «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерекелік медалімен (2015 ж., куәлік № 395), ал 2019 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы.Алтынсарин» белгісімен (куәлік №1042) марапаттады. Ал кафедра, деканат әкімшілігінен берілген түрлі Алғыс хаттар мен Мақтау қағаздары баршылық.

«Шәкіртсіз – ұстаз тұл» деген сөз бекер айтылмаған. Оның жетекшілігімен 2 ғылым кандидаты дайындалды, диплом жұмыстарын (30-дай бакалавр) жазып, магистрлік диссертация (10-нан аса) қорғаған және қорғайтын білім алушылар баршылық.

Таңдаған мамандығына риза. Осы мамандықтың арқасында табиғат-анамен етене араласты, жануарлар әлемінің қыр-сырына қанық болды. Қазақстанның, жақын әрі алыс шетелдердің біраз жерлерімен танысты. Соның арқасында әріптестер тапты, кезінде олармен араласты, қиын-қиын жерлерде бірге зерттеу жұмыстарын жүргізді. Білімін толтырды, олар маман болып қалыптасуына ықпал етті (мысалы, академиктер Е.В.Соколов, В.Н. Большаков, докторлар Н.В. Некипелов, Д.И. Терновский, В.В. Кучерук, биология ғылымдарының кандидаттары Ю.Г. Швецов, С.В. Лобачев, Г.И. Шенброт және т.б.). Отандық ғалымдардан ұстазы, профессор А. Бекенов, әріптестері, ғылым кандидаттары Х.Қыдырбаев (ҚазМУ-дың түлегі), Ю.С. Лобачев, В.Н. Мазин және т.б. бар.

Б. ТЫНЫБЕКОВ,
б.ғ.к., аға оқытушы және
биоалуантүрлілік және биоресурстар
кафедрасының әріптестері

Мәдениет адам өмірінің, жалпы қоғамның әрбір саласын қамтитын бірден бір феномен. Кез келген адамнан "мәдениет деген не?" деп сұрасаң, ол оны міндетті түрде тарих, салт-дәстүр, әдет-ғұрып деген сөздермен байланыстырады. Әрине, оның да өз орны бар, дегенмен бұл ұғымның мәні тереңірек.



Еліміздегі «МӘДЕНИЕТТАНУ» пәнінің жай-күйі мен болашағы

этно-әлеуметтік, саяси-моральдық, ғылыми, көркемдік және тарихи сипаттамаларымен, жағдайларымен ерекшеленетін түрлі мәдениет түрлерінің өзара байланыстарымен, тәуелділіктерімен зерттейді. Жеке пән ретінде XIX ғасырдың соңғы ширегінде қалыптаса бастағанымен, бүгінгі таңда бұл жас ғылым қоғамның әрбір саласына етене сіңіп келеді. Әсіресе, отандық жоғары білім беру жүйесінде бұл анық байқалады, өйткені соңғы жылдары "мәдениеттану" дисциплинасы жоғары білім беру жүйесінің әрбір саласына міндетті түрде оқытылатын пән ретінде енгізіліп отыр. Мұндай реформалар Қазақстанның білім беру сапасы мен стандарттарының халықаралық деңгейіне шығу, отандық білім беру сапасын көтеру және шет елдерде отандық дипломдардың мойындалуына қол жеткізу қажеттілігінен туындап отыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында "Заманауи әлемдегі бәсекелік қабілет – мәдениеттің де бәсекелік қабілеті деген сөз. Біз XXI ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек" – дегендей, мәдениет күннен күнге дамуды, ілгерілеуді қажет етеді. Қазақстанның өзіне ғана тән ұлттық құндылықтары, мәдени мұрасы, ұлттық бренд ретінде қалыптасқан бірегейлігі бар. Бірақ біз оны жаңа мазмұнмен толтырып, жаңа дем беруіміз керек.

Онсыз бүгінде атқарылып отырған жұмыс өткенге жазылып, қазіргі заманғы әрекет тек имитация мен бос балама ретінде қабылданады. Еш өзгеріссіз қалыпта дәстүрді өзгерту және үздіксіз жалғастыру мүмкін емес. Ол үшін міндетті түрде сыртқы байланыстар мен білім айналымы керек, яғни мәдени салада бәсекеге қабілеттілік қажет. Осыған орай "Мәңгілік ел" ұлттық идеясы топтастырушы күшке ие, еліміздің тарихы мен мәдениетінің мұрасына сүйеніп, мемлекеттілігіміздің нығаюына алып келеді, сондай-ақ қазіргі заманғы мәдени кластерлердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға және дамытуға жаңа серпін береді. Ал бәсекеге қабілетті мәдени ортаны қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі – мәдени процестерді құзыретті басқару болып табылады, яғни мәдениет саласы үшін мамандарды даярлау өте маңызды. Сондықтан мәдениет пен өнердің әртүрлі салаларында "Мәдениеттану" мамандығы бойынша жас мамандарды, мәдени менеджмент және саясат бойынша сарапшыларды даярлау мәдени саясат міндеттерінің біріне айналуы тиіс және көп кешенді шаралар әзірлеуді көздейді.

Бүгінде бұл бағытта үлкен жұмыс атқарып келе жатқан – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Еліміздің басты білім ордасының Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасы аясында мәдениеттану бойынша мамандарды даярлау жүзеге асырылады. Тәжірибелі профессорлар мен оқытушылар құрамы қазіргі заманғы мәдениетке тән жаңа өзгерістер мен оларды зерттеу үрдістерін анық

біліп, жаңа ұрпақты тек білімді ғана емес, бәсекеге қабілетті, жаңа тенденцияларды зерттеп, оларды тәжірибеде дұрыс қолдана білетін маман ретінде тәрбиелейді. Өйткені, бүгінгі таңда мәдениетті тану біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемде қарқынды түрде дамытылып, оқытылуда. Мәселен, Ресейде "культурология" пәнінің теориялық-әдіснамалық бағдарламасы мен курс құрылымы отандық пән жүйесіне ұқсас болса, батыс университеттерінде "мәдениеттану" пәні жоқ, бірақ олардың оқу бағдарламаларында "мәдени антропология" немесе "cultural studies" атты курс оқытылады. Ал "мәдени антропология" мамандығы Батыс, Азия мемлекеттерінде гуманитарлық мамандықтар арасында сұранысқа ие мамандықтардың бірі болып табылады. Ал Қазақстан сияқты дамып келе жатқан жас мемлекетке толық халықаралық мойындауға қол жеткізу үшін заман, қоғам талабына сай мұндай мамандар міндетті түрде қажет. Өйткені, жаһандану мен жаңғырту заманында өз мәдениетімен онымен қоса өзгенің де мәдениетін зерттеу, елдің ішіндегі жанжалды мәселелерді шешу, сондай-ақ басқа елдермен ынтымақтастық ісінде мәдениеттанушы мамандардың рөлі маңызды. Сондықтан, болашақта біздің мемлекетте де бұл ғылым өкілдері беделді, сұранысқа ие мамандықтардың біріне айналады деген сенімдемін.

Т. ҒАБИТОВ,
филос.ғ.д., профессор,
А. БАТЖАНОВА,
Мәдениеттану мамандығы
1-курс магистранты

ҮЛКЕН МҮМКІНДІК

Әрбір мемлекеттің дамуының басты көрсеткішінің бірі білім сапасы. Әлемде дамыған мемлекеттер сапалы білім беретін университеттерімен ерекшеленеді. Қазіргі таңда жастар өзге мемлекеттерден білім алуға, тәжірибе жинауға, жұмыс жасауға ерекше ынта білдіруде.

Бұл тек атақ-абырой ғана емес сапалы білім алу, жан-жақты даму, бәсекеге қабілетті болу, мүмкіндіктерге жол ашу болып табылады. Қазақстан Балон декларациясына қосылған, жоғарғы білім берудің еуропалық аймағының мүшесі.

Шет елдегі қазақтарға тағайындалған бағдарлама бойынша мен Монголиядан Болон процесімен Қазақстанда магистратураны оқуға мүмкіндік алдым. Бұл ретте маған университет таңдау қажет болды. Ұсынылған университеттер тізімімен мәліметтерді ғаламтордан оқып, зерттедім. ҚазҰУ-ға магистратураға оқуға өтініш жіберіп, қабылдандым. Әрине бұл мен үшін үлкен мүмкіндік.

ҚазҰУ-дың оқу барысында маған ұнаған ерекшеліктер:

- Әлемдік стандартқа сай сапалы білім, теория мен практиканың ұштастырылуы;
- Оқу бағдарламасы, ұйымдастырылуы;
- Жан-жақты дамытуға мән берілуі;
- Жоғары санатты оқытушылар білім береді;
- Заманауи технологиялармен жабдықталған;

–Оқу процесіндегі мәліметтердің қол жетімді, айқындылығы;

–Оқытушылардың қарым-қатынасы;

–Әлеуметтік жағдайдың қарастырылуы \студенттік виза\.

Менің ҚазҰУ-ды таңдау себебim Қазақстандағы сан жылғы тарихы бар, тамыры терең университеті болғандықтан. Сондай-ақ заманауи инновациялық технологиялармен жабдықталған. Шет мемлекеттерден студенттердің қызығушылық танытып, көп оқитындығы университеттің халықаралық деңгейде екенін көрсетеді. Қазақстандағы қаншама білікті маман, атақты азаматтар ҚазҰУ-дың түлектері. Шет елдегі қаншама қазақ баласына ҚазҰУ-дан білім алу, өз мақсаттарына жетудің үлкен мүмкіндігі.

Әйгерім МҰРАТ,

саясат және денсаулық сақтау ұйымдастыру кафедрасының 1-курс магистранты (Моңғолия)

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әскери кафедрасы және «Сарбаз» республикалық әскери-патриоттық газетінің редакциясы бірлесіп болашақ әскери журналистерге арналған онлайн сабақтар өткізуде.

ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТЕРДІ ОНЛАЙН ОҚЫТУ



Осылайша, бейне конференция форматында кафедра тыңдаушыларымен газеттің шығармашылық директоры Тимур Кубеков кездесті. Ол студенттерге Қазақстанның әскери баспасөзінің тарихы, «Сарбаз» әскери-патриоттық басылымының қалыптасуы мен даму перспективалары және қазіргі әскери баспасөздің даму ерекшеліктері туралы айтып берді.

Онлайн сабақ болашақ әскери журналистер үшін нағыз шеберлік сыныбына айналды. Басылымдардың тақырыптарын таңдау, таңдалған тақырыптардың өзектілігі, ақпараттың сенімділігі мен расталуы, журналистің жауапкершілігі қарастырылды.

Онлайн жиналысқа қатысушыларды заманауи ақпараттық кеңістіктегі интернет-ресурстардың ролі мен маңызына қатысты мәселелер қызықтырды.

ҚазҰУ-дың әскери кафедрасы «Сарбаз» газетінің редакциясымен тығыз байланыста екенін атап өткен жөн. 2017 жылдың қыркүйегінде әскери кафедраның бастығы полковник О.В. Ажимов пен «Сарбаз» газетінің бас редакторы Б.С. Қуатбек ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Сондай-ақ, әскери кафедрала болашақ әскери журналистерді сапалы даярлауға атсалысатын газеттің корреспонденттік бөлімі ашылды.

Әскери кафедра

Бүгінгі дамыған замандағы жастар мен кітапты байланыстыратын алтын көпір – кітапхана болып табылады. Яғни кітапхана – мәртебесі биік киелі шаңырақ. Ол оқырманның рухани талап-тілегін қанағаттандырумен қатар, әлемдік, ұлттық, әмбебап ақпарат көздерін толық жинақтап, оқырманға жеткізуші болып табылатын мекеме. Кітапхана — мәдениеттің жоғары деңгейі және ақпарат пен білім әлемі ретінде онда жұмыс істеген адамнан еріксіз жоғары стильді талап ететін ғылым және білім ордасы.



асырады. Қазіргі таңда кітапхана көп функционалды мекеме ретінде мәдени және білім беру мекемелеріне тән әлеуметтік-мәдени функцияларды атқаруда.

Әлеуметтік институт ретінде кітапхананың негізі қызметтерін ақпараттық, білім беру, тәрбиелік, бос уақытты тиімді өткізу деп – 4 бағытта қарауға болады. Кітапханаға оқырманды баулуға және оқырманмен кітапхана арасындағы тығыз байланысты сақтауға үлкен атқаратын жұмыс тәсілінің ең маңыздысы – жүргізілетін көпшілік жұмыстары болып табылады. Сондықтан бүгінгі кітапхананың алдына қойған мақсаты бар мүмкіндікті пайдалана отырып, әрбір іс-шараны түрлендіре откізу. Яғни, әр түрлі іс-шаралар өткізе отырып, кітапхана жұмысын одан әрі қызығырақ қылуда. Соған орай кітапхана қабырғасында әртүрлі үйірме-клубтар, кітапхана жанынан құрылған мектептер жұмыс істеп, көрмелер, іс-шаралар, дәрістер ұйымдастырылуда.

Осы орайда ең маңызды деп айта өтуге тиіс, «Каталогизатор мектебі». Қазақстан

Республикасының Ұлттық кітапханасы базасында құрылған. Бұл мектеп-кітапхана жұмысының әдістемелік бағыттарының бірі болып табылады, ол ресурстарды машинамен оқитын каталогтаумен айналысатын кітапхана мамандарының кәсіби деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Жалпы Каталогизатор мектебінің мақсаты – тыңдаушыларға ресурстардың нақты түрлерін каталогтаудың негізгі ережелерімен және жалпы ережелерімен таныстыру (кітаптар, ноталар, картографиялық, бейнелеу материалдары, электрондық ресурстар, мерзімді және жалғасты басылымдар) болып табылады. Тәжірибелік сабақтар ҚР Ұлттық кітапханасының IT-мамандары құрастырған республикалық автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық Web-RABIS жүйесінде өтеді. Web-RABIS барлық кітапханалық мемлекетаралық стандарттарға және коммуникативтік форматтағы талаптарға жауап береді, электронды каталогты жүргізуді және ғылыми өңдеуді, кітапханалық негізгі көрсеткіштері бойынша кітапханалық бухгалтерлік есепті және статистикалық

үлгілерді басып шығару мүмкіндігін қолдайды. Мектеп түрлі ведомстволар мен жүйелердегі кітапхана мамандарына оқыту сабақтарын жүргізеді (40 академиялық сағат). Курс соңында оқудан өткендігі туралы сертификат беріледі. Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында Ақпараттық ресурстар қызметі жұмыс жасайды. Мұнда «Қазақстан туралы жаңа әдебиеттер» библиографиялық көрсеткішін кітапхана қорына соңғы алты айда түскен ағымдағы басылымдар негізінде дайындайды. Көрсеткішке, сондай-ақ «Қазақстан на иностранных языках» дерекқорынан ағылшын тіліндегі ақпараттар іріктеледі. Көрсеткіш көпшілік оқырман қауымға, сондай-ақ, кітапханалар мен ақпараттық орталықтардың анықтамалық-библиографиялық жұмыстарын пайдалануға арналған. Басылымның шығу мерзімділігі: жылына екі шығарылым болып табылады.

Сонымен қатар, кітапханада сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қызметі жұмыс жасайды. Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында қазақ, шығыс, орыс, Еуропа тілдеріндегі жазба жәдігерліктер бар. Қор 30 мыңнан астам құжаттан тұрады.

Осылайша заман ағымына лайық болуды мақсат еткен кітапхана қызметкерлері жұмыстың дәстүрлі әдістерін сақтай отырып, жаңа технологиялар мен жұмыстың заманауи бағыттарын да игеру үстінде. Пайдаланушылардың мүдделерін ескере отырып кітапханашылар бұқаралық жұмыстың жаңа формаларын жүзеге асыруда.

Ұлттың ұлы руханиятына айналған Ұлттық кітапхананың жаһандану дәуірінде заман ағымынан қалмай, өзінің сүйікті оқырмандарына сандық форматтағы жаңа дәстүрлі кітаптар мен электронды кітаптардың үйлесімдік негізін тауып беріп отырғандығы, әмбебап қызметкер кітапханашыларды ел үшін жасап жатқан ерен еңбектері деп білеміз.

Іңкәр ИСАЕВА,
тарих, археология және этнология факультетінің 3-курс студенті,
Аян ЖОЛДАСОВ,
тарих, археология және этнология факультетінің PhD докторанты

Экономика және бизнес жоғары мектебінде Scopus базасы бойынша «күмөнді» журналдарды анықтауға арналған вебинар өтті

СТУДЕНТТЕРМЕН ОНЛАЙН КЕЗДЕСУ



Университетіміз студенттерді қашықтан оқу форматында білім алды. Осыған орай биотехнология мамандығының студенттерімен кафедраның меңгерушісі Аида Қыстаубаева онлайн жиналыс өткізді.

Осы кезеңге дейін студенттер кәсіби және кәсіби емес пәндер бойынша сабақтарын Microsoft teams және Zoom бойынша кезекті жүктемеге сәйкес өтті.

Аида Серикқызы бакалавр студенттеріне профилді емес пәндер бойынша емтихан бағасы суммативті бағалаумен қойылатынын түсіндірді. Қалған пәндер онлайн түрінде не ауызша не тест не жазбаша түрінде болады. Бітіруші 4-курс студенттері мемлекеттік емтиханның бағасын суммативті бағалаумен алады. Бітіруші курс диплом жұмысын онлайн түрінде қорғайды.

Студенттер арасынан емтихан қабылдаудағы прокторинг мәселесі бойынша сұрақтар жиі қойылды. Прокторингті емтихан қабылдаушы тьютор қадағалайды.

Емтихан тапсыру кезінде ноутбук және басқа да смартфондар арқылы тапсыру мүмкіндігі жоқтар өтініш беру арқылы студенттер жазда қайта тапсыра алады. Антиплагиатқа байланысты сұрақтар қойылды. Студенттердің диплом

жұмыстары белгілеген уақыт бойынша антиплагиаттан өту мерзіміне үлгермесе өтініш арқылы созыруға болады.

Ауызша емтихан тапсыру кезінде тьютор универ жүйесіне емтихан билетін іледі. Сол бойынша студент билет алатыны түсіндірілді.

Сөз соңында қосымша сұрақтарыңыз болса эдвайзерлеріңізге берсеңіз

жауабын береміз деп кездесуді аяқтады. Біз сіздермен қаласаңыздар кез келген уақытта онлайн арқылы сұрақтарыңызға жауап беретінін түсіндіре келе, баршаңызға үлкен алғысымызды білдіреміз. Еңсеңізді түсірмеңіздер алдағы емтихан ды сәтті тапсыруды тілейміз деп жиналысты аяқтады.

Кафедраның 4-курс студенті Айгүл

Бағдатқызы: «Университетіміздің ағымдағы сессияны қабылдау туралы бастамасы екі жақты студенттерге де оқытушыларға да өте ыңғайлы ортақ шешім болды. Атап айтқанда, кәсіби емес пәндерді суммативті бағалау және техникалық жағдаяттарға орай сессияны кейін тапсыру шешімі өте дұрыс деп ойлаймын», – деді.

Биотехнология кафедрасының оқытушысы Гулина Доқтырбай: «Пандемияға байланысты қашықтан оқыту басталғалы университет басшылығы студенттерге барлық жағдайлар жасап келеді. Студенттерге қашықтан оқыту кезінде кездескен мәселелердің шешімі дер кезінде орындалды. Алдағы көктемгі сессияны тапсыру ережесі туралы басшылықпен де бірнеше рет кездесулер болды. Бүгінгі кездесуден байқағаным, студенттерімізде қорқу, абыржу байқалған жоқ, бәрі бірқалыпты сессия тапсыруға дайын екендігін көрсетті», – деп баяндады.

Г. ЕРНАЗАРОВА,
С. ТҰРАШЕВА,
биология және
биотехнология факультеті

Волонтерство меняет мир к лучшему. 2020 год объявлен в Казахстане Годом волонтера. О том, как развивается движение в мире и Казахстане, читайте в нашем материале.

ВОЛОНТЕРСТВО В КАЗАХСТАНЕ

Волонтерская деятельность давно получила признание в мировом сообществе. В сентябре 1990 года в Париже на XI Всемирной Конференции Международной Ассоциации добровольческих усилий была принята Всеобщая декларация волонтеров, в которой обозначены цели и основные принципы движения. Волонтерство сегодня развивается как на региональном, так и национальном уровнях. Функционирует, например, Европейская волонтерская служба. В Содружестве Независимых Государств активизации добровольцев способствовало принятие в апреле 2015 года Межпарламентской Ассамблеи государств – участников СНГ модельного закона «О добровольчестве (волонтерстве)». В Беларуси и Кыргызстане добровольчество законодательно интегрировано в правовые акты, регулирующие молодежную политику. Годы волонтеров проводятся в различных государствах. Например, в России таким годом стал 2018 год.

В Казахстане по инициативе Первого Президента РК Н.А. Назарбаева 2019 год проведен как Год молодежи. В республике разработана «Дорожная карта» по пяти направлениям, включая образование и волонтерство. В мае 2019 года в г. Костанай состоялся форум казахстанско-российского сотрудничества «Волонтерство – социальный лифт молодежи», на котором Президент Касым-

Жомарт Токаев в своем выступлении подчеркнул, что волонтерство – проявление истинного патриотизма. Президент напомнил, что в 2016 году был принят Закон «О волонтерской деятельности», закрепивший статус волонтеров, их права, обязанности и меры государственной поддержки. В 2017 году международная специализированная выставка «ЭКСПО» дала старт массовому вовлечению молодежи в волонтерское движение. Касым-Жомарт Токаев поддержал идею объявления 2020 года Годом волонтера. Он предложил учредить международную премию «Волонтер года», которая будет вручаться за лучшие проекты в этой сфере.

В декабре 2019 года состоялась одновременно церемония закрытия Года молодежи и старта Года волонтера. Выступая на этом мероприятии, Президент отметил: «Сама суть добровольчества – делать что-то из благих намерений – соответствует нашим национальным традициям и ценностям. По данным ООН, вклад волонтерства в мировую политику составляет более 400 миллиардов долларов ежегодно. Ошибочно воспринимать волонтерство лишь как разовые субботники и экологические мероприятия, челленджи, хотя они важны и необходимы, поэтому много поддерживаются. Волонтерство – это системная и постоянная деятельность, если хотите, это зов души и образ жизни». Придавая большое значение участию в этом движении молодых людей, Касым-

Жомарт Токаев указал на необходимость увеличения студентам-волонтерам стипендии. Для тех, кто учится на коммерческих направлениях, необходимо внедрить систему социальных студенческих кредитов. Это позволит засчитать некоторые академические кредиты за счет волонтерских часов.

Тематический год поможет сделать волонтерство массовым, конструктивным и максимально эффективным. С этой целью в феврале 2020 года в Нур-Султане на базе ЭКСПО-центра открыт республиканский фронт-офис волонтеров Birgemiz («Вместе»). На новой площадке планируются координация и общественный мониторинг волонтерских проектов, а также государственных органов и бизнес-структур, популяризация движения и обучение. Аналогичные центры созданы во всех регионах страны. Планируется создать волонтерские объединения в вузах, колледжах и школах Казахстана. Состоялась встреча Президента с представителями движения республики, причем по видеоконференцсвязи к беседе подключились представители всех регионов страны. Касым-Жомарт Токаев согласился стать почетным послом движения волонтеров в Казахстане.

Развитие волонтерства происходит по всем регионам республики. Активно подключаются к нему различные структуры казахстанского общества, представители всех групп населения, особенно юноши и девушки. Это

характерно, например, для деятельности Ассамблеи народа Казахстана, ее этнокультурных объединений, молодежного крыла и других звеньев. В Домах дружбы республики открыты Центры волонтерского движения. Особую актуальность движение приобрело в критической ситуации, связанной с пандемией. Волонтеры оказывают различную помощь ветеранам, инвалидам, пенсионерам, многодетным и другим малообеспеченным семьям, всем, кому необходимы содействие и поддержка, проводят информационно-разъяснительную работу, осуществляют доставку гуманитарных наборов. В заявлении от 27 апреля 2020 года по ситуации с коронавирусной инфекцией Президент РК Касым-Жомарт Токаев выразил благодарность волонтерам, подчеркнув, что, несмотря на риски, они ежедневно помогают нуждающимся гражданам.

Волонтерство позволяет привлечь значительную часть населения к плодотворной деятельности, особенно молодежь, способствует личностному росту молодых людей, содействует укреплению их международного сотрудничества, расширяет перспективы трудоустройства.

Лилия ЗАЙНИЕВА,
доктор политических наук,
профессор кафедры политологии и политических технологий

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА,
Светлана ӨМІРФАЛЕЕВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана Тапсырыс: №

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.